

Мектепшілік ата-аналар комитеті жиналысының хаттамасы.

№2

Күні: 2 қыркүйек 2020 жыл

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: жоқ

Мектепшілік ата-аналар комитетінің тізімі:

- | | |
|---------------------------------|------------|
| 1. Зайыров Мұсабек Төлеубекович | /төрағасы/ |
| 2. Сыздыкова Бархыт | /мүшесі/ |
| 3. Мұратова Алия | /мүшесі/ |

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

- | | |
|--------------------------|------------|
| 1. Ахметбеков Дәулетқали | /төрағасы/ |
|--------------------------|------------|

Күн тәртібінде

1. 2020-2021 жаңа оқу жылына арналған сабақ кестесін құру туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Қайриден Нұхыұлы сөз алды. Сөзінде: 2020-2021 жаңа оқу жылының басталуы жайлы және жаңа оқу жылына арналған сабақ кестесінің стандарт бойынша құрылғанына тоқталды. Сабақ кестесінде өзгеріс барын, карантиндік жағдайға байланысты сабақтың басталу уақыттарындағы өзгерістерге және сабақ барысында оқушыларға берілетін бір реттік ыстық тамақтың тоқтатылғаны жайында хабарлады. Жиналған себепке де тоқтала отырып, бес күндік сабақ кестесіне факультатив сабақтардың сыймауына байланысты 7,8,9,10,11 сыныптардың сабақтарының сенбі күні оқытылуына қалай қарайтындықтарын сұрады.

Мектептің ата –аналар комитетінің төрағасы Мұсабек Зайыров, мүшелері Алия Мұратова, Бархыт Сыздыкова және Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Дәулетқали Ахметбековпен бірлесе отырып, 7,8,9,10,11 сыныптарда бір күндік нормаға факультатив сабақтарының сыймауына байланысты сенбі күні факультатив сабақтарының жүргізілу жайын ақылдасып, бір ауыздан сенбі күні сабақ 9.00-12.00 аралығында жүргізілсін деп шешім қабылдады. Сонымен қатар мектептегі санитарлық жағдайлардың қатаң сақталуын талап етті.

Қаулы қабылданды:

1. 2020-2021 жаңа оқу жылында 7-11 сынып оқушыларының факультатив сабақтары сенбі күні 9.00-12.00 аралығында оқытылсын.

Мектеп директоры  **К.Мұзафаров**

Хатшы



Ғ.Аяпбергенова